

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 4 хаттамасы**

« 8 » 12 2013ж.

**Қатысқандар:**

**Кеңес мүшелері:**

И.Б.Мустафина- кеңес төрағасы  
Э.О.Біржікен- кеңес хатшысы  
З.Б.Аспандиярова- кеңес мүшесі  
Қ.Ж.Жунусов- кеңес мүшесі  
Г.Е.Карибаева–кеңес мүшесі

**Күн тәртібінде**

1. Ішкі тәртіп ережесі арқылы педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу
2. Педагогтардың әдеп кеңесінің жылдық жоспарына қорытынды

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** педагогикалық әдеп кеңес мүшесі тарих пәнінің мұғалімі Қ.Ж.Жунусов тыңдалды.

Мектептің Ішкі тәртіп ережесіне сәйкес, педагогтердің құқықтары мен міндеттері жауапкершіліктері анық көрсетілген. Педагог ең алдымен қоғам алдында сыйлы, мәртебелі. Әдепті сақтана білетін тұлға екенін ұмытпауы қажет.

Ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Біздің мектебімізде өрескел жағдайлар орын алған емес, бірақ әдеп нормасын бұзушылықты болдырмау, алдын-алу шарасы ретінде ескерту айту жөн деп ойлаймын. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек.

**Сөз сөйледі:**

*И.Б.Мустафина:*

Осы орайда жас мамандарымызға алдын-алу шарасы ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізе кеткеніміз өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Ұстаз киімі мен жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі әдептіліктен тұруы қажет. Мұғалім өз қызметіне адал, кәсібіне берік болуы қажет. Әлеуметтік желіде де ұстаз сол ұстаз қалпында қалғаны жөн. Ерсі фотосуреттер мен қоғамға қажеті жоқ фото жариялау, сол арқылы халық назарын аудару ұстазға тән қасиет емес.

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі.

**Қаулы етті:**

Әдеп нормалары педагогтердің үнемі назарына алынсын және Ішкі тәртіпте көрсетілген міндеттер мен жауапкершіліктерді бұзушылыққа жол берілмеуі бақылауға алынсын.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық кеңес мүшесі төрағасы И.Б.Мустафина сөз сөйледі:**

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Жыл бойы атқарылған іс-шараларға тоқтала кетсек, педагогтердің нормативтік құжаттармен танысуын, Педагог статусы және қоғамдық ортада, әлеуметтік желілерде педагогтердің өзін ұстауы жайлы бірнеше отырыс болып өтті. Жалпы мектепте атқарылып жатырған іс-шаралар негізінде, педагогтер арасында ынтымақтастықта жұмыс жасау, әдептілік қағидатын берік ұстану аясында оқу жылы аясында педагогикалық оғаш әдет орын алған емес.

Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

**Сөз сөйледі:**

Г.Е.Карибаева:

Мұғалім әдеп сақтап қана қоймай, сол әдеби арқылы оқушыны, кез-келген адамды әдепті қарым-қатынасқа баулайтын өзінің жеке тактикасы болады. Бұл ретте педагог тактикасы дегенде, әр педагогтің өзіндік қырына көз жүгіртуіміз қажет. Себебі, ұстаз сырт көзге білінбегенімен көпшілік алдында жеке тактикасы арқылы көзге түсуі мүмкін. Сол себепті ұстаздарға әдеп нормаларын сақтай отырып, жеке қырынан танылуға да ықпал етуіміз қажет

**Сөз сөйледі:**


З.Б.Аспандиярова:

Педагогтердің әдеп этикасын үнемі дұрыс ұстанып, жас мамандарға үнемі ардагер ұстаздар жалпы педагогтер тарапынан кеңес беру, ұжым болып бірлесе жұмыс атқару нәтижесінде дұрыс жолға қойылары анық. Мұғалім ең алдымен өзінің жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне, киген киіміне, әлеуметтік желіде өзін ұстауда өте тиянақты болса әдеп нормасы да сақталады деп ойлаймын.

**Қаулы етті:**


Мұғалімнің педагогикалық әдеп сақтауы үнемі бақылауда болсын

Хатшы:



Э.О.Біржікен

Төраға:



И.Б.Мустафина